

"Борлы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қараша N 1370

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес және инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес "Борлы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің 60 процентін тендерде сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік

комитеті тендер шарттарында бюджет алдындағы берешекті, тонна көмірге роялтиді және инвестицияларды өтеуді ескеріп, белгіленген заң тәртібімен "Борлы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің 60 процентін сатуды жүзеге асырсын.

Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі